

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау, ойын бизнесі және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 25 сәуірдегі № 185-VIII ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) 7-бапта:

1) және 1-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеушілік, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады;

1-1) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады;"

5) тармақша алып тасталсын;

10-1) және 11) тармақшалардағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

16) және 27) тармақшалар алып тасталсын;

29), 31), 31-1) және 32) тармақшалардағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

33) тармақша алып тасталсын;

34), 35), 36) және 37) тармақшалардағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

39) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"39) денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері үшін үлгілік штаттар мен штаттық нормативтерді бекітеді;"

40) тармақшадағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

41) және 42) тармақшаларда:

"денсаулық сақтау қызметкерлерінің", "денсаулық сақтау қызметкерлері" деген сөздер тиісінше "денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің", "денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері" деген сөздермен ауыстырылсын;

"әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

43), 44), 45), 46), 47), 48), 49), 50), 51), 52), 53), 54), 55), 56), 57), 58), 59), 59-1), 59-2), 59-4), 59-5), 59-6), 59-7), 60) және 60-1) тармақшалардағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

61) тармақша алып тасталсын;

62), 63), 64), 65), 66), 67), 68), 69), 70), 71), 72), 73), 74), 75), 76), 77), 78), 79), 80), 81), 82), 83), 84), 85), 86), 87), 88), 89), 90), 93), 94), 96), 99), 100), 102), 103), 104), 104-1), 104-3) және 104-4) тармақшалардағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

2) 8-бапта:

2) тармақшадағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақша алып тасталсын;

9), 10), 11), 15), 16), 17), 18), 22) және 22-1) тармақшалардағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

3) 9-бапта:

2), 3), 5-2) және 5-3) тармақшалардағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

7) тармақша алып тасталсын;

13) және 14) тармақшалардағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

20) тармақша алып тасталсын;

23), 24-1), 25), 29), 30), 33), 40), 40-1), 40-3), 40-4) және 40-5) тармақшалардағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

4) 10-бапта:

3) тармақшадағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақша алып тасталсын;

9), 15), 16), 17), 19) және 20) тармақшалардағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

5) 11-бапта:

1-тармақтың 4), 7), 8), 10), 11) және 13) тармақшаларындағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтың екінші тармақшасындағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақта:

бірінші абзац "мыналарды" деген сөзбен толықтырылсын;

1) тармақшадағы "әзірлейді және бекітеді" деген сөздер, 2) тармақшадағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақтағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтың 4) тармақшасындағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

6) 12-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) мүгедектігі жоқ адамдарға медициналық көрсетілімдер бойынша есту протезі көмегін ұсыну туралы шешім қабылдайды;"

2-тармақта:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) мүгедектігі жоқ адамдарды медициналық көрсетілімдер бойынша есту протезі көмегімен қамтамасыз етеді;"

29) тармақшадағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

34) тармақша алып тасталсын;

7) 13-бапта:

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) мүгедектігі жоқ адамдарды медициналық көрсетілімдер бойынша есту протезі көмегімен қамтамасыз етуге арналған медициналық бұйымдарды сатып алуды жүзеге асырады;"

17) тармақшадағы "әзірлеп," деген сөз, 21-3) тармақшадағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

8) 23-баптың 9-тармағы алып тасталсын;

9) 27-баптың 6 және 9-тармақтарындағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

10) 29-баптың 9-тармағындағы "әзірлейтін және" деген сөздер алып тасталсын;

11) 58-баптың 12) және 16) тармақшаларындағы "денсаулық сақтау қызметкерлеріне" деген сөздер "денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 59-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы "әзірлеу мен" деген сөздер алып тасталсын;

13) 84-баптың 4-тармағының үшінші бөлігі алып тасталсын;

14) 86-баптың 11-тармағындағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

15) 90-бапта:

4-тармақтағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақтағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

16) 92-баптың 3-тармағындағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

17) 113-баптың 5-тармағында:

бірінші бөліктегі "ұсынымдар әзірлейді және" деген сөздер "ұсынымдарды тоқсан сайын" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "халықты атмосфералық ауаның жай-күйі туралы хабарлауды" деген сөздер "масс-медиада халықты атмосфералық ауаның жай-күйі туралы тоқсан сайын хабардар етуді" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 121-баптың 4-тармағындағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

19) 123-баптың 4-тармағының үшінші бөлігіндегі "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

20) 124-баптың 5-тармағындағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

21) 125-баптың 6-тармағындағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

22) 126-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "әзірлейтін және" деген сөздер алып тасталсын;

23) 127-баптың 6-тармағындағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

24) 130-баптың 2-тармағындағы және 131-баптың 7-тармағындағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

25) 138-баптың 3-тармағындағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

26) 158-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

27) 170-баптың 4-тармағындағы, 176-баптың 3-тармағындағы және 177-баптың 4-тармағындағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

28) 196-баптың 3-тармағының 3) тармақшасы мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"онкологиялық ауруларды ерте анықтауға арналған скринингтік зерттеулер кезінде";

29) 200-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының екінші абзацы "профилактикалық қарап-тексерулерді" деген сөздерден кейін "және скринингтік зерттеулерді" деген сөздермен толықтырылсын;

30) 211-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

31) 216-баптың 2-тармағындағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

32) 220-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар резидентура бағдарламаларын дербес, ал бейіндік бағыт бойынша докторантура бағдарламаларын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен ынтымақтаса отырып іске асырады.";

4-тармақтың екінші бөлігіндегі "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

33) 263-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

34) 266-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "денсаулық сақтау қызметкерлерін" деген сөздер "денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ "Денсаулық сақтау" деген сөздерден кейін "жүйесінің" деген сөзбен толықтырылсын;

35) 267-баптың 1-тармағында:

бірінші абзацтағы "денсаулық сақтау қызметкерлерінің" деген сөздер "денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақша "денсаулық сақтау" деген сөздерден кейін "жүйесі" деген сөзбен толықтырылсын;

36) 269-баптың тақырыбы және 3-тармағы "Денсаулық сақтау", "денсаулық сақтау" деген сөздерден кейін "жүйесі" деген сөзбен толықтырылсын;

37) 270-2-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "үш" деген сөз "он" деген сөзбен ауыстырылсын;

38) 272-баптың 3-1-тармағының екінші бөлігіндегі "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

39) 274-баптың 2-тармағындағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын.

2. "Жарнама туралы" 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 11-баптың 1-1-тармағының 8) тармақшасындағы "безендіру;" деген сөз "безендіру жатпайды." деген сөздермен ауыстырылып, 9) тармақшасы алып тасталсын;

2) 13-баптың 1-4-тармағында:

1) тармақшадағы "букмекерлік кеңсе және (немесе) тотализатор орналасқан жерде, спорт құрылысжайларының ішінде және спортшылардың керек-жарақтарында" деген сөздер "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабында белгіленген аумақтар шегінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) спорттық іс-шараларды өткізу кезінде спорт құрылысжайларының ішінде орналасқан жарнаманы қоспағанда, ғимараттар мен құрылысжайларда;"

3) тармақшада:

"масс-медиа саласындағы" деген сөздер "Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиясы бар букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың ресми интернет-ресурстарында, масс-медиа саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ақпарат құралдарында" деген сөздерден кейін "тек қана" деген сөздермен толықтырылсын;

"масс-медиада, кино-, бейне- және анықтамалық қызметтер көрсетуде жарнамалауға тыйым салынады." деген сөздер "масс-медиада, онлайн-платформаларда, кино-, бейне- және анықтамалық қызмет көрсетуде;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) жарнаманы ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларына беру арқылы жарнамалауға тыйым салынады."

3. "Ойын бизнесі туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

15-баптың 1-тармағы 3) тармақшасындағы "адамдардың қатысуына тыйым салынады." деген сөздер "адамдардың;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталған немесе шартты түрде сотталған адамдардың қатысуына тыйым салынады."

4. "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

11-бапта:

2-1) тармақшадағы "әзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

3), 3-1) және 4) тармақшалардағы "әзірлейді" деген сөз "айқындайды" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "әзірлейді" деген сөз "қалыптастырады" деген сөзбен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағы 6) тармақшасының екінші, үшінші, бесінші және алтыншы абзацтарын, 7) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 32) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 2 және 3-тармақтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ